

тіркеу № 109  
«08» қазан 2021 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының  
«08» қазан 2021 ж № 70  
хаттамасымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Хаттама	«__» _____ 20__ ж.	№ ____	№ ____
2	Хаттама	«__» _____ 20__ ж.	№ ____	№ ____
3	Хаттама	«__» _____ 20__ ж.	№ ____	№ ____
4	Хаттама	«__» _____ 20__ ж.	№ ____	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_ хаттамасымен  
күші жойылды деп танылды.

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі-саясат) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және "БЖЗҚ"АҚ (бұдан әрі - Қор) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерін;  
2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;  
3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелерді;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;

5) осы саясатты сақтау үшін жауапкершілікті белгілейді.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу, Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Қордың және оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мінез-құлқының жоғары стандарттарына бейімділігі, іскерлік беделді нығайту және Қорға деген сенімді арттыру болып табылады.

4. Осы Саясат Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

5. Осы саясатта келесі теминдер мен анықтаулар қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілері;

2) пара алу - пара беруші адамның немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке), сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін өзі немесе басқа адамдар үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда;

3) лауазымды тұлға – Қор Басқармасының, Қордың директорлар кеңесінің мүшесі;

4) Қордың корпоративтік әдеп кодексі-сақталуы Қордағы корпоративтік мәдениетті арттыруға, адалдық, ашықтық және өзара көмек атмосферасын қалыптастыруға ықпал ететін әріптестермен, салымшылармен (алушылармен) және серіктестермен қарым-қатынас кезінде Қор қызметкерлерінің мінез-құлқының жалпы қағидаттары мен қағидаларын белгілейтін Қордың ішкі нормативтік құжаты;

5) мүдделер қақтығысы – Қордың лауазымды адамының немесе жұмыскерінің мүдделері олардың шешімдер қабылдауының және міндеттерді орындауының объективтілігі мен тәуелсіздігіне әсер етуі, сондай-ақ олардың қор салымшыларының (алушыларының), Қор акционерінің, Қордың мүдделері үшін әрекет ету міндеттемесіне қайшы келуі мүмкін жағдайлар;

б) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

8) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

9) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – қорда басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті, көрсетілген ұйымдардағы дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам;

10) басқарушылық функцияларды орындайтын адам - Қорда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қор қызметінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

12) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Қор қызметінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

13) Қордың қызметкерлері – Қормен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлғалар.

## **2-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы мақсат пен міндеттер**

6. Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан, Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін іске асырылған жағдайда сыбайлас жемқорлық ісіне тартуға байланысты тәуекелдерді барынша азайту және/немесе олардың пайда болу ықтималдығын болғызбау жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау болып табылады.

7. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) Қорға, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу болып табылады;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу болып табылады.

## **3-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

8. Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік - Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады;

2) Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы қатыспауға міндетті;

3) лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке бейімділігі - Қордың Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерге ымырасыз қатынасы туралы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

4) жұмыскерлерді жұмылдыру - Қор өз лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

5) жазаның бұлтартпастығы - Қор атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, олар өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, Қор қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – Қор рәсімдерді іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз ететін барынша ашық, айқын, орындалатын етуге ұмтылады;

7) тиісті сақтық - Қор іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

8) өзара іс-қимыл және үйлестіру – Қор Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында Қордың мемлекеттік органдарымен және үшінші тұлғаларымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

#### **4-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер**

9. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленуі немесе ысырап етуі, егер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам жасаған алаяқтық (бөтеннің мүлкін жымқыру немесе бөтеннің мүлкіне құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу), егер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен ұштасса;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам жасаған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жария ету (жылыстату), егер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам жасаған экономикалық контрабанда, рейдерлік, егер олар өзінің қызмет бабын пайдаланумен ұштасса;

5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға

теңестірілген адамның лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануы, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалануы;

6) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуына кедергі жасау;

7) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның пара алуы, пара беруі, парақорлыққа делдал болуы;

8) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның қызметтік жалғандығы;

9) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның қызмет бойынша әрекетсіздігі;

10) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі;

11) немқұрайлылық;

12) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы беруі;

13) лауазымды адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;

14) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

10. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы саясатты іске асыру кезінде Қор оның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатынын негізге алады, сондай-ақ:

1) пара беруді ұсынуға, уәде етуге немесе беруді жүзеге асыруға тыйым салынады;

2) параны талап етуге, қабылдауға келісуге немесе қабылдауға тыйым салынады;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе жеңілдеткені үшін олардың пайдасына төлемдер ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға/сыйлықтар ұсынуға тыйым салынады;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға тыйым салынады;

5) жеке пайда алудың орнына Қорда жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде беруге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде) тыйым салынады;

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға ықпал етуге тыйым салынады;

7) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қордың ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйға тартуға немесе алуға тыйым салынады.

11. Лауазымды адамдар және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар өздерінің кәсіптік қызметінде мынадай мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы саясаттың талаптарын орындауға міндетті;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болуға тиіс;

3) Қордың беделін түсіретіндей іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

4) Қордың қызметтік жағдайын және құпия ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбауға міндетті;

5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге міндетті;

6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті

сақтауды талап ету және қолдау;

7) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдеуге және мұндай әрекеттерді көтермелемеуге;

8) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмауға міндетті.

12. Қор қызметкерлері:

1) Қордың мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

2) Қор мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

3) Жұмыскерде мүдделер қақтығысының туындауы мүмкіндігі не туындауы мүмкін екендігі туралы тікелей басшыға хабарлауға міндетті.

13. Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінез-құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қордың жоғары тұрған басшылығына жүгіне алады.

### **5-бөлім. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені**

14. Қор қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Ол салаларға жатады, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

2) сыйлықтар мен өкілдік шығыстар;

3) Қызметкерлерді басқару.

### **§1. Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру**

15. Қор Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қағидаттары мен талаптарын, осы саясатты бұзатын және Қор үшін іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғатын үшінші тұлғаларды тартудан тартынады.

16. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдар алдында үшінші тұлғаларды тартуды көздеген Қордың құрылымдық бөлімшелері:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төмендегі рәсімдерді жүргізу арқылы үшінші тұлғаларға мониторингі жүргізеді (қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмейді):

өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру.

2) осы саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы үшінші тұлғаларды хабардар етеді.

Осы тармақтың ережелері тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге қолданылмайды, олардың тәртібі "БЖЗҚ" АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларында регламенттелген.

17. Қор үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын қолдайды.

### **§2. Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар**

18. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне жеке өзі немесе делдалдар

арқылы өздерінің лауазымдық өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды не мүліктік пайда алу үшін өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануға, заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны қабылдауға тыйым салынады.

19. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне жоғары тұрған адамдарға аталған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар беруге және қызметтік емес қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

20. Қор өкілдік шығыстардың, оның ішінде өзара ынтымақтастықты орнату немесе қолдау жөніндегі шығыстардың жүзеге асырылуын Қор қызметін жүзеге асырудың қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қор өкілдік шығындарға қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын көтермелейді.

21. Қорда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес "БЖЗҚ" АҚ-да өкілдік шығыстарды жоспарлау және пайдалану қағидалары әзірленді.

22. Қор контрагенттердің лауазымды адамдарының немесе өзге де адамдардың Қордың қызметіне әсер ететін шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында тікелей немесе жанама мақсатта қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетпейді немесе егер мұндай көмек осындай әсер ету әрекеті ретінде қабылданса.

### **§3. Қызметкерлерді басқару**

23. Қор кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидастарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Қор:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, еңбекке ақы төлеу, моральдық көтермелеу жүйесін әзірлейді және бекітеді;

2) Жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтама ұсынуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

24. Қордың персоналды басқару саласындағы қызметінің негізгі қағидастары мен негізгі бағыттары "БЖЗҚ" АҚ Персоналды басқару саясатында айқындалған.

### **6-бөлім. Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу**

25. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Қор мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді басқару қағидастарына, оларды реттеуге және алдын алуға көп көңіл бөледі.

26. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қордың мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Қордың мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының қазіргі және ықтимал мүдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес әрекет етуге міндетті.

27. Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қордың Басқарма Төрағасы "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының қазіргі және ықтимал мүдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес тиісті ден қою шараларын уақтылы

қабылдауға міндетті.

## **7-бөлім. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау**

28. Қор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, өлшеу, бағалау, бақылау және мониторингі бойынша әдістерді тұрақты негізде пайдаланады, сондай-ақ Қордың Тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға ұқсас оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді.

29. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, Қордың пайда алуы мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Қордың қызмет түрлері мен процестерін анықтау болып табылады.

30. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

### **§1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг**

31. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ Қордың сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

32. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні Қордың қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті Қор өз бастамасы бойынша жүргізеді, оның нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болуы мүмкін.

33. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг:

1) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қызметін зерделеу;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеу;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін қарау арқылы жүзеге асырылады.

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезінде Қор Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

### **§2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау**

35. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі-талдау) дегеніміз сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет.

36. Талдау жүргізу туралы шешімді Қордың Басқарма Төрағасы қабылдайды.

37. Талдау объектісі Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі болып табылады және мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Қордың құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.



38. Қордың құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер және нормалар анықталады.

39. Қордың құрылымдық бөлімшесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысу;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтерді көрсету;
- 4) құрылымдық бөлімшенің қызметін жүзеге асыру;
- 5) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінің басқа мәселелері аталады.

40. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу "БЖЗҚ" АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тетігінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады (осы саясатқа 1-қосымша).

41. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі Қордың осы саясатымен және өзге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

### **8-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

42. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – Қор Басқармасы бекіткен Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Қордың қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.

43. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қорда жұмыс істейтін адамдардың оларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

44. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қордың ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

45. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- 1) Қорда жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;
- 2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

46. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-Қордың Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту жөніндегі қызметі.

47. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Қордың әрбір қызметкерінің міндеті болып табылады және Қорда түсіндіру жұмыстарын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

### **9-бөлім. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар**

48. Егер Қорда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы дереу "жедел желіге" хабарлау және (немесе) электрондық поштаға, сондай-ақ өзінің тікелей және жоғары тұрған басшысына, Қызметкерлерді басқару департаментіне/Қауіпсіздік департаментіне/Комплаенс және сапаны бақылау басқармасына және (немесе) Қордың Басқарма Төрағасына хабарлау қажет.

49. Қор жұмыскерлерінің пікірлерін есепке алу және алаяқтық туралы, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы, этикалық нормаларды бұзу және лауазымдық

өкілеттіктерін теріс пайдалану туралы ескерту тәртібі "БЖЗҚ" АҚ жұмыскерлерінің ішкі "жедел желінің" байланыс арналарын ұйымдастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулығымен регламенттелген.

### **10-бөлім. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тексерулер**

50. Қорда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша ақылға қонымды мерзімде Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру не қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

51. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, еңбек қатынастарын бұзуға дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне түзету шараларын қабылдау тексеруді/тергеп-тексеруді аяқтау болып саналады.

### **11-бөлім. Өзара ынтымақтастық**

52. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен өзара сыйластық қағидаты негізінде мына мақсаттарда ынтымақтастық орнатады:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде көмек көрсету;

3) Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шараларды әзірлеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұраныстары бойынша түсініктемелер беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

### **12-бөлім. Қорытынды ережелер**

53. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікті тартады.

54. Уәкілетті мемлекеттік органдардың Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартуы соңғысын өздерінің құқыққа қарсы әрекеттерімен Қорға келтірілген материалдық залалды өтеуден босатпайды.

55. Осы Саясат талаптарының орындалуы үшін Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз құзыреті шегінде жауапты болады.

56. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.

57. Комплаенс және сапаны бақылау басқармасы саясаттың өзекті мазмұнына жауап береді.

**Басқарма Төрағасы**

**Ж.Курманов**

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының  
« 08 » қазан 2021 ж. №70 хаттамасымен  
бекітілген «БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына  
қосымша

## **«БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тетігі**

### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. "БЖЗҚ" АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тетігі (бұдан әрі - тетік) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 07 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес белгіленді.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешімді Қордың Басқарма Төрағасы қабылдайды.

3. Қор Басқармасының Төрағасы Қор филиалдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, филиалды және олардың әрқайсысында оны жүргізудің нақты мерзімдерін көрсете отырып, тиісті кесте жасалуы мүмкін.

4. Талдау объектісі іске асыратын функциялардың санына және оның штат санына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда мерзім Қордың Басқарма төрағасының келісімімен тағы 15 жұмыс күніне ұзартылады.

6. Қордың Басқарма Төрағасының шешімінде белгіленген мерзімдерді сақтау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жұмыс түрлерін, оларды орындау мерзімдерін және жауапты тұлғаларды айқындауды көздейді.

### **2-бөлім. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу**

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңдері:

- 1) талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және қорыту;
- 2) талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау;
- 3) талдамалық анықтаманы дайындау және қол қою болып табылады.

#### **§1. Талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және қорыту**

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;

- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған, талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін талдау объектісінің жұмыскерлерін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою бойынша ұсынымдар;
- 10) талдау объектісі қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істер фабулалары;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы және ішкі талдау нәтижелері;
- 12) талдау объектісі қызметкерлеріне сауалнама жүргізу нәтижелері;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынылуына тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады.
10. Уәкілетті тұлғаға және жұмыс тобының мүшелеріне ашық қол жетімді емес ақпарат көздерін жинауды және ұсынуды талдау объектісінің осы ақпаратты иеленетін құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.
11. Қордың жаңадан құрылған/қайта құрылған құрылымдық бөлімшесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Қордың бұрын жұмыс істеген құрылымдық бөлімшесінің қызметі туралы, оларға берілген функциялар бөлігінде ақпарат жинауды жүзеге асыру қажет.
12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ұсынымдар әзірлеу үшін талдаудың әртүрлі әдістері, оның ішінде талдау объектісінде бар ақпаратты жинау және зерделеу, талдау объектісі қызметкерлерінің және өзге де сарапшылардың тәжірибесі мен танымдарын пайдалану, ұқсас немесе сабақтас салаларда, ұйымдарда, процестерде, жобаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибені жинау және қорыту, сценарийлерді талдау және т. б. қолданылуы мүмкін.

## **§2. Талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі нормативтік құжаттарды, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау**

13. Осы бағыт бойынша жұмыстың толықтығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында бастапқы кезеңде талдау объектісінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының тізбесі қалыптастырылады.
14. Талдау объектісінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен Қордың ішкі нормативтік құжаттарында оларда сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормалардың бар-жоғы тексеріледі.
15. Сыбайлас жемқорлық құқық нормалары заң техникасының қағидаларына сәйкес келуі және оларды бұзуы мүмкін (нормалар ақаулары).
16. Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен Қордың ішкі нормативтік құжаттары Қазақстан Республикасының басқа құқықтық актілерімен және Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен өзара байланыста зерделенеді.

17. Нормалардың сыбайлас жемқорлықты бағалау оларды қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің ықтималдығы тұрғысынан жүргізіледі.

18. Бағалау жүргізу үшін мынадай неғұрлым типтік сыбайлас жемқорлық факторлары пайдаланылады.

**Құқықтық олқылық**-Қазақстан Республикасының құқықтық актісінде немесе Қордың ішкі нормативтік құжатында қандай да бір мәселені құқықтық реттеудің болмауы.

Реттеудегі құқықтық олқылықтың болу индикаторлары:

1) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін ережелердің болмауы, бұл заңсыз пайда алу мақсатында өкілеттіктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін тудырады;

2) лауазымды адамның/қызметкердің немесе ұйымның әкімшілік рәсімді жүргізу барысына ықпалын қамтамасыз ететін тәртіптің болмауы;

3) әкімшілік рәсімдерді жүргізу мерзімдерінің болмауы;

4) талдау объектісі лауазымды адамының шешімдер қабылдау негіздемелері мен тәртібін белгілемейтін Қазақстан Республикасының құқықтық актісі немесе Қордың ішкі нормативтік құжаты;

5) талаптардың сақталмағаны үшін олардың декларативтік сипатына және іс жүзінде қолдану мүмкін еместігіне әкеп соғатын жауапкершілікті белгілейтін ережелердің болмауы.

**Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен Қордың ішкі нормативтік құжаттары ережелерінің коллизиясы** — Қазақстан Республикасының жекелеген құқықтық актілері, сол не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін Қордың ішкі нормативтік құжаттары арасындағы алшақтықтар немесе қайшылықтар, сондай-ақ құқық қолдану қызметі және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісі жүзеге асыру процесінде туындайтын қайшылықтар.

Бір деңгейлі нормативтік құқықтық актілер арасында, әртүрлі деңгейдегі актілер арасында, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларын реттейтін актілер арасында қайшылықтар болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының құқықтық актілері немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттары ережелерінің коллизиясының индикаторлары мыналар:

1) заңда немесе Қордың ішкі нормативтік құжатында белгіленген басым норманы таңдау қағидаларының болмауы;

2) басым норманы таңдау жауапкершілігі талдау объектісінің лауазымды адамына жүктеледі;

3) қатаң рәсімделген заңды жауапкершіліктен жалтару мүмкіндігі.

**Құқықтық-лингвистикалық белгісіздік** – заң техникасының логикалық және лингвистикалық ережелерін сақтамаудан туындаған толық сипатталмаған терминдерді, ұғымдарды, сөз тіркестерін немесе мағыналық (мазмұндық) сипаттағы тұжырымдарды қолдану.

Құқықтық-лингвистикалық белгісіздіктің индикаторлары:

1) түсініксіз немесе қос мағынасы бар және осылайша заңсыз түсіндіруге жол беретін ережедегі тұжырым;

2) бірдей құбылыстарды әртүрлі терминдермен белгілеу;

3) жоба мәтінінде тікелей анықталмаған/түсіндірілмеген және оларға бірыңғай және біркелкі мағына беретін кең таралмаған, заңнамада пайдаланылмайтын терминдерді пайдалану.

Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі – лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің өкілеттігі, оның мазмұнынан осы өкілеттіктің шектерін анықтау мүмкін емес.

Кең дискрециялық өкілеттіктердің болу индикаторлары:

1) лауазымды адамдардың шешімдер қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы үшін негіздердің болмауы немесе белгісіздігі;

2) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің шешімдердің бірнеше түрін қабылдау не шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі;

- 3) қабылданатын басқарушылық шешімді ынталандыру міндетінің болмауы;
- 4) шешім қабылдаудың белгілі бір мерзімдерінің болмауы, олардың кең ауқымы не мұндай мерзімнің болмауы;
- 5) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің белгіленген мерзімді уәжді негіздерсіз ұзарту немесе қысқарту мүмкіндігі;
- 6) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің өз қалауы бойынша жеке және заңды тұлғалармен құқықтық қатынастардың туындауына, олардың тиісті уәждемесіз өзгеруіне немесе тоқтатылуына бастамашылық жасау мүмкіндігі;
- 7) лауазымды тұлғалардың және/немесе талдау объектілерінің өкілеттіктерін қайталау;
- 8) өз қалауы бойынша заңнаманы орындамағаны үшін жауапкершіліктің түрі мен мөлшерін айқындау мүмкіндігі;
- 9) лауазымды тұлғаның және/немесе объектінің құзыреті шеңберінде шешім қабылдау (мысалы, мемлекеттік қызметтер көрсету) үшін тізбеде көзделмеген қосымша құжаттарды сұрату мүмкіндігі.

**Лауазымды адамдар міндетінің орнына құқық белгілеу** – лауазымды адамдардың азаматтар мен ұйымдарға қатысты әрекеттер жасау мүмкіндігін диспозитивті белгілеуі.

Міндеттеменің орнына құқықты белгілеу индикаторлары мыналар:

- 1) "құқылы", "мүмкін" деген тұжырымдарды пайдалану;
- 2) лауазымды адамдардың өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауы үшін заңды негіздердің болуы;
- 3) лауазымды адамның бірдей негіздер болған кезде шешімдердің бірнеше түрін қабылдау мүмкіндігі.

**Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын жоғары талаптар** – адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін ақылға қонымды (қажетті) талаптар деңгейінен асатын және/немесе ұсынылуы заңнама нормаларымен негізделмеген талаптар.

Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптарды жоғарылату индикаторлары мыналар:

- 1) жеке және заңды тұлғаларға субъективті құқықтары мен бостандықтарын іске асыру кезінде заңмен негізделмеген қосымша міндеттерді жүктеу;
- 2) сақталуы Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында бекітілген құқықтар мен бостандықтарды шектейтін ауыртпалықты тыйым салулар мен шектеулер орнату;
- 3) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін және/немесе оларды ұсыну заңнама нормаларымен негізделмеген өзге де талаптарды орнату;
- 4) азаматтар мен ұйымдарға қойылатын белгіленбеген, орындалуы қиын талаптарды орнату.

**Артық әкімшілік кедергілердің болуы** – орындалуы жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын іске асыруы үшін қажет, олардан лауазымды тұлғалардың құқықты іске асырудан бас тарту, қызметті тоқтата тұру немесе жою не жауапкершілікке тарту өкілеттіктері туындайтын талаптарды орнату.

Әкімшілік кедергілердің индикаторлары мыналар:

1) жеке және заңды тұлғаларға талдау объектісінде көрсетілген мәліметтердің болуына байланысты талап ету орынсыз құжаттарды, ақпаратты және басқа да деректерді ұсыну міндетін жүктеу не осы мәліметтерді талдау объектісі қажетті көздерден дербес талап етуге уәкілетті;

2) берілуі иемденіп алынған құқыққа сәйкес келмейтін белгілерге (кәсіптік, мүлкітік, әлеуметтік) сәйкес келу міндеті;

**Функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамау**

Функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше

айқындамаудың индикаторлары:

1) құқықтық актінің немесе ішкі құжаттың мазмұнынан шешім қабылдауға жауапты лауазымды адамды анықтаудың мүмкін еместігі;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына жол бермеуге мүмкіндік беретін шектеулер мен тыйым салулар болмаса (мысалы, шешім қабылдауды басқа лауазымды адамға беруге, белгілі болған мәліметтерді жария етуге тыйым салу және т. б.);

3) лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауаптылық белгіленбеуі;

4) лауазымды адамдардың міндеттері мен өкілеттіктерін орындауын бақылау рәсімі айқындалмаса.

Анағұрлым типтік сыбайлас жемқорлық факторларының тізбесі толық болып табылмайды.

19. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін қолданыстағы процестерді оларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау үшін себептер мен жағдайлардың болуына тексеру жүзеге асырылады.

20. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мынадай мәселелерді қамтиды:

1) персоналды басқару;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау функцияларын іске асыру;

6) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

21. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуын бағалау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің (көріністерінің) неғұрлым типтік индикаторларының тізбесін қолдана отырып жүргізіледі.

**Қызметкерді басқару** бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) іріктеу және жалдау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі;

2) мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

**Мүдделер қақтығысын реттеу** бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжаттың (саясаттың) болмауы;

2) мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелген адамның болмауы;

3) мүдделер қақтығысының мониторингі және оны реттеу бойынша шаралар қолданбау;

4) бір жағынан әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарлы көрсеткіштер арасында қайшылықтардың болуы;

5) реттеуші және бақылау функциялары арасында қайшылықтардың болуы;

6) талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық функцияларын орындау кезіндегі мүдделер қақтығысы фактілері;

7) алқалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы.

**Мемлекеттік қызметтерді көрсету** бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсетудің нақты процестерінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде қызметтер көрсету мерзімдерін бұзудың, құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері, қызметтер көрсету рәсімдері тәртібін бұзу фактілері;

2) мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қайшылықтары;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіпті бұзуға әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі;

4) Ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процестерін "қолмен" түзету мүмкіндігі.

**Бақылау функцияларын іске асыру** бағыты бойынша индикаторлар:

1) бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін бұзудың жүйелі фактілері;

2) тізбесі құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері;

3) бақылау іс-шараларын жүргізу рәсімдерін бұзудың жүйелі фактілері;

4) бақылау іс-шараларын жүргізу кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіпті бұзуға әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі;

5) ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде бақылау іс-шараларының процестерін "қолмен" түзету мүмкіндігі;

6) тексеру іс-шараларын жүргізу мерзімдерінің, қамтылатын кезеңнің, бақылау іс-шараларын жүргізуге уәкілетті адамдардың өкілеттіктерінің, бақылау объектілерін іріктеу критерийлерінің, тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша шешім қабылдаудың, бақылау іс-шараларын тоқтата тұру немесе ұзарту рәсімдерінің болмауы не ішінара реттелуі;

7) бақылау объектілерін іріктеу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы;

8) фото және бейнетіркеу бойынша талаптардың болмауы;

9) жоғары тұрған органның тапсырмалары негізінде бақылау іс-шараларын жүргізу;

10) бланкілер мен нұсқамаларды белгіленбеген орындарда сақтау;

11) бланкілер мен нұсқамаларды есепке алуды жүргізуге жауапты адамдардың болмауы;

12) ішкі нормативтік құжаттармен бланкілерді есепке алу бойынша тиісті регламенттеудің болмауы;

13) өңірлер, бұзушылықтар түрлері, қолданылатын санкциялар бөлінісінде бақылау іс-шараларын талдау бойынша жұмыстың болмауы немесе жеткіліксіздігі;

14) практикада проблемаларды анықтау және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу жөніндегі шаралардың болмауы;

15) әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар, нұсқаулар жіберу, өзге де түсіндіру және оқыту іс-шараларын жүргізу және т. б. арқылы орталық аппарат тарапынан әдіснамалық сүйемелдеудің болмауы.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 07 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер қаралады.

### **§3. Талдамалық анықтаманы дайындау және қол қою**

22. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі жұмыстардың мерзімі аяқталғаннан кейін анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды қамтитын талдамалық анықтама жасалады (бұдан әрі - Ұсынымдар).

23. Егер талдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаса, Талдамалық жазбада ұсынымдар берілмейді.

24. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар заңды, тиімді, орындалатын және талдау объектісінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталған болуы тиіс.

25. Ұсынымдарда қалаулы нәтижеге қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлыққа



қарсы шараларды іске асыру тәсілдері (құралдары) көрсетіледі:

1) Қордың ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін нақтылау;

3) объект қызметіне ішкі бақылауды қамтамасыз ету;

4) процестерді/процедураларды оңтайландыру және автоматтандыру;

5) өкілеттіктерді қайта бөлу, құрылымын өзгерту, құрылымдық бөлімшелерді біріктіру немесе тарату, штат санын оңтайландыру, артық басқару буындарын жою;

6) ақпараттық жүйені әзірлеу не қолданыстағы жүйені пысықтау, сондай-ақ оны мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың дерекқорларымен интеграциялау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі жоғарыда аталған шаралар тізбесі толық болып табылмайды.

26. Талдамалық анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

### **3-бөлім. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, жою, азайту**

27. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, жою, азайту процесі талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды тәуекелдерді анықтау мақсатында жүргізіледі және "БЖЗҚ"АҚ негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын келісу парағы**

<b>Лауазым атауы</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Қолы</b>	<b>Ескерту</b>
Қауіпсіздік департаментінің директоры	М. Артыкбаев		
Тәуекел менеджмент департаментінің директоры	Л. Әмірғалиева		
Заң департаменті директорының м.а.	А. Бимен		
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г. Джилкибаева		
Сатып алу департаментінің директоры	Д. Жилкайдарова		

Осы арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды құжаттың элеткронды нұсқадағы құжатқа сәйкес келетінін растаймыз.

**Әзірлеуші:**

**Комплаенс және сапаны бақылау басқармасының бастығы**

**А.Татенов**